

## Тармақталу алгоритмі



**1-тапсырма.** Сөйлемді толықтыр.

Тармақталу алгоритмі дегеніміз – \_\_\_\_\_

Шарт тексеру блок-схемасы \_\_\_\_\_  
 фигурасымен өрнектеледі.

**2-тапсырма.** Берілген сурет бойынша орындалатын іс-әрекеттің алгоритмін төмендегі кестеге сипаттап жаз.



| Алгоритмді сөзбен сипаттау | Алгоритмнің блок-схемасын салу |
|----------------------------|--------------------------------|
| 1. _____                   |                                |
| 2. _____                   |                                |
| 3. _____                   |                                |
| 4. _____                   |                                |
| 5. _____                   |                                |

**3-тапсырма.** «Бағдаршамнан өту» алгоритмінің сөзбен сипатталу түрі берілген. Блок-схема түрінде көрсет.

**Бағдаршамнан өту**

1. Басы.
2. Бағдаршамға қара.
3. Егер қызыл түс жанса, онда тоқта.
4. Егер сары түс жанса, онда дайындал.
5. Егер жасыл түс жанса, онда жүр.
6. Соңы.



**4-тапсырма.** Әлия  $x$  санын ойлады. Мысалы,  $x = 7$ . Егер оның жасырған саны 5-тен артық болса, онда Әлия ойлаған санына 10 санын қосады. Әйтпесе ойлаған санынан 2 санын азайтады. Осы тапсырманың блок-схемасын толықтыр.



